

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 16 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 мамырда № 6192 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 6 тамыздағы № 90 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округі әкімінің 06.08.2021 № 90 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы Сарыағаш ауданының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 08-02-07/178 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округі Ақжар елді мекені Ғ.Муратбаев көшесі № 21 үй тұрғыны А.Байназаровтың иті құтыру ауруымен ауруына байланысты Ғ.Муратбаев көшесінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Сарыағаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК